Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором каз-09-21

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника    Парақ / Страница №

Эссе

3. Ж. Баласағұнның тіл өнерінің пайда-зияны туралы айтқандарын тарқатыңыз

Тіл – елдің басты қазынасы. Тілді құрметтеу, өзіңді құрметтеумен тең. Өз еркіндігі, белгіленген тілі, сақталған заңдары бар ел өте бақытты. Елімізді сақтау тілімізден басталады. Ал тілді сақтау өзімізден басталады. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, тілінің маңыздылығына, құндылығына аса мән беру қажет. Себебі әр адамның тілі, сол адамның болмысын айқын ашып тұрады. Алайда тіліміздің құндылығын қазіргі ұрпақ жалғастырып жатыр ма?

Адам баласы тілінің тазалығымен, ойының шеберлігімен көзге түседі. Жүсіп Баласағұнның тіл өнерінің пайдасы мен зияны туралы айтқандығына мен толықтай келісемін. Себебі тілімізді құрметтеу, сақтау арқылы біз әлемдік деңгейге шыға аламыз. "Тілі жоғалған ұлттың, өзі де жоғалсын" деп Мұстафа Шоқай айтпақшы тіліміздің қандай маңызды екеніне көз жеткізе аламыз. Тіліміздің құндылығын сақтау арқылы келер ұрпаққа өнеге етіп, ең үлкен қазынаны қалдыра аламыз. "Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте"

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
қаз-09-21

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

деп те тектен-теке айтылмаған. Әрине өзге тілді білген жақсы, алайда өз тіліңді құрметтемесең оның түкке тұрмысыз екенін білуіміз қажет. Өзге тілді білудің де өз кемшіліктері бар. Қазіргі ұрпақ өзге тілді меңгеріп, яғни еуропалықтарға еліктеп, өз тіліміздің құндылығын жоғалтқан секілді. Қай жерге барсаңда орысша сөйлейді. Осыдан өзіміздің ұлтқа деген патриоттық сезіміміздің өшіп бара жатқанын ұғынамыз. Сондықтан жастарымыздың тілінің тазалығына аса мән беруіміз қажет.

Қортындылай келе Жүсіп Баласағұнның тілдің пайдасы мен зиянын қазіргі жастармен ұштастырдық. Яғни қазіргі заман талабы деп көз жұма қарауды тоқтату керек. Керісінше өзіміздің тілімізді келер ұрпаққа, басқа елдерге насихаттауымыз керек. Сонда ғана біз тарихтың жойдайда мәңгі сақтаймыз!

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором қаз-09-20

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Эссе

„Майқы би мен Мөңке бидің ақылмандық толғауларындағы замана шындығы"

Қазақ елі-өнерлі, көшбасшы ұлт өкілдерінің бірі. Ежелден келе жатқан бұл қасиет-әрбір саналы ұрпаққа дарыған дүние. Ата-бабаларымыз қайтпас қайсарлықпен, өжеттілікпен елімізді қорғаған. Осы тұста тек батырлар ғана емес, хандар, билер мен шешендерді жұмыла жүк көтеріскен. Олардың арасында есімізге елең етіп түсетін билер-Майқы би ~~мен~~ Мөңке би екендігі бәрімізге мәлім. Майқы би-қазақ даласын жырларымен тербенететін өнер иесі, бір тоқтам сөзден айнымайтын, берген батасы орындалатын аузы дуалы кісі болған. Ал Мөңке би-шешендігі мен даналығы бір-бойынан табылатын аса көрнекті билердің бірі болған. Бұл екі тұлғада өздерінің толғауларымен ел жадында қалған. Олардың ақылмандық толғауларындағы замана шындығы-халықтың әл-ауқатының төмендігі мен қоғамдағы болған қарама-қайшылықтарға негіз.

Майқы би мен Мөңке бидің өмір сүрген жылдары-қиыншылықтарға толы уақытпен сәйкес екендігі анық. Сол заман тұсында көптеген қарама-қайшылықтар орын алады. Қазақ даласындағы болып жатқан оқиғаларға көз жұма қарай алмағандықтан, олар толғауларында заманның ащы шындығын баяндайды. Хандардың дұрыс билік етпеуі,



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

байлардың кедейлерге көрсеткен озбарлығы, отаршылдық саясатының жақындауы, халықтың надандыққа бет буруы - бұның бәрі ақылмандық толғаулардағы замана шындығы еді. Майқы бидің халықты білімге шақыру идеясы, оның әр толғауында негізделген. Жағдайлары байлаған халықтың білім алуы екі талай жайт. Білімі жоқ болса да, өжеттілігімен көзге түскен жас таланттар бар. Қиын кезде елге жау сілтейтін адамдардың жетпеуі мен озбырлықтан қорқуға байланысты. Тойымсыз байлардың шамадан тыс халықты қанауына қоса, отаршылдық саясаты қосылады. Қазақ пен қазақ алауыз болып жүргенде Майқы би мен Мөңке би елді бірлікке, қазақ жерін қорғап қалуға шақырып, даналық ойларын жеткізді. Және осы мәселелерді шешу үшін олар ел арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Отаршылдық саясаты барысында еліміздің әр аймағы өзге ұлттар уысында кетеді. Билердің немесе қолбасшылардың айтқан сөздері арқылы біраз дүние халыққа мәлім болады.

Қорытындылай келсек, қиын заманда халыққа толғау арқылы ой қалыптастырғандардың бірі - Мөңке мен Майқы еді. Халыққа бағыт-бағдар беру арқылы заман шындығын еш бұрмалаусыз көрсету үлкен қайсарлықты көрсетеді. Әр толғаудың өзіндік ойы мен үні бар. Ал олардың адамға жеткізілуі - тікелей автордың көркемдік шеберлігіне қарай.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором қаз-09-19

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

«Дарқандықты қазаққа дала берген секілді»

Әрбір қазақ азаматы елінің еркіндігі мен дарқандығын сезініп, еліне деген махаббатқа берік болуы тиіс. Патриоттық сезімге бай адамның ризығы кеми қоймас.

Қазақтың жері — ұлылық пен байлықтың мекені ғой! Мақтаныш болып, жүрегімізде қалатын орны бар. Елімен мақтанбайтын ердің, елдегі жоқтың қасы. Біздің байтақ даламыз ғана емес, бабалар жаудан айнытпай, асыл мұра етіп сақтаған, ұлы тұлғаларымыз да бар. Нағыз мақтаныш деп, осыны айтсаңшы! Байтақ даламыз, әсем табиғатымыз, таза ауамыз, қонақжай, мейірбан жұртымыз — бұның барлығы дарқандықтың символы. Байтақ, кең даламыз — біз үшін асыл қазына. Ұшы-қиыры мен шегі жоқ жайлауда еркіндікті сезініп, шаттанғаға не жетсін! Таза табиғатымыздағы суреттеу үшін, тіпті уақыт жетпей қалар. Адамның денсаулығына пайдалы таза ауамыз, елінің біріне бұйырмайтын бақыт десек, артық болмас. Қонақжайлылығымыз қашан керемет еді. Дәстүрге



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

сай, еліміз келген қонақты далада да қалдырмайды.

Менің ойымша, біздің даңқты еліміздің негізі – даналығымыз бен жүрегіміздегі мақтаныш, яғни патриотизм. Себебі, менің атам, бала кезден, "Еліңді ел еткің келсе, Жеріңді бабаңдай қастерле, тіл тигізбе, қорлама, мақтаныш ет! Жалғыз мақтанышың – Қазақстан болсын!" – деп көп айтатын Қайран атамның сөзі мәңгі есімде де, жүрегімде де сақталмақ.

Ата-бабаларымыз біз үшін, осы даңқтандыққа қол жеткізу үшін, аянбай тер төкті. Бұл еңбектің нәтижесі де бос қалмады. Біз – яғни, келешек ұрпақ – елімізді көркейту үшін барымызды саламыз. Даңқты елімізді дамытуға атсалыспасақ, қалайша "қазақ азаматымын" – деп айта аламыз?

Намыс пен арды жұрты – жүрегіне түйген, бабалар жолын көзіндей сақтаған, Даңқтандырғыш тұмасымен байланған – қазақ елі!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Дарқандықты қазаққа дала берген болатын. "Дарқандықты қазаққа дала берген секілді" деген тұжырымды қарастыратын болсақ, Дарқандық - бұл еркіндікті, рух пен күш-жігерді білдіреді. Дарқандық - қазақ дүниетанымында маңызды рөл атқарады. "Біз дарқандықты қалай түсінеміз?", "оның қазақ дүниетанымына қандай қатысы бар?", "ол несімен ерекшеленеді?" деген сұраққа жауап қайтаратын болсам. "Қазақ - ол қонақжай халық. Біздің дарқандылық деген сөзіміз тап бір осы қазақ халқына арнап айтылғандай. Дарқандылық - дегеніміз тек қана бір сөзбен ғана шектелетін ұғымна емес, ол тұтас бір көп сөзден құралған шеңбер.

Қазақ халқы - тәуелсіз халық ешкімге бағынбайды және бағынышты емес. Айтып жатады ғой қазақ жері дарқан деп, міне, осы тіркеспен де байланысты. Қазақ халқы - кішіпейіл, қонақжай, тектті халық. Ата-бабамыз осы дарқан далада қанмен бірге арпалысып қол жеткізіп, осы дарқан даланы ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Осы ата-бабаларымыздың арқасында біз дарқан дала алдық. Бұл дарқандықтың астында қаншама тер, қаншама еңбек пен күш жатыр. Біз өз жерімізге өзіміз қамқорлық танытпа, жанымыз ашымаса, бізге кімнің жаны ашиды? Осы сөзді айтсам жүрегіме жебе қадалғандай денем түршігіп кетеді. Біз ешқашан да ата-бабамыздың еңбегін ұмытпай, жа-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ...
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ...
Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
каз-04-18

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

даламызда мәңгі сақтауымыз керек. Сонда ғана біз өз жерімізді қамқорлыққа бауламыз.

Дарқандықты ата-бабамыздан қалған күш пен мұра деп санасақ, жөн болар, сірә. Біз осыны сезініп, жақсы ой түйсек, біз нағыз қайсар, намысшыл қазақпыз. Жанын шүберекке түйіп, біз үшін жанын берген адамдарға рахмет айтуымыз керек.

Қорытындылай келер болсам, біз осы қазақ даласын қадірлеп, қастерлеуіміз керек. Кең байтақ дарқан далаға зиянымыз емес, пайдамыз тиюі керек. Қазақ даласы - дарқан дала, асыл қазына. Осы сөздердің бәрін саралай келіп, тұтас бір ой шығаратын болсам, қазақ жерін қадірлеу өзіміздің қолда. Сонда ғана біз үлкен жетістікке жетеміз!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ... РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ...

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором 503-09-17

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника
Парақ / Страница №

Майқы би мен Мөңке бидің ақылмандық толғауларындағы замана шындығы.

Қазақтың дара тұлғалары, көреген адамдары, қай заманда болмасын, қолына қағаз-қаламын алып, өлең, толғау, шығарма, поэмаларын ақ қағазға түсіріп отырған. Расында, қазақ халқы өте сөзге шешен, суырып салма ақындығы бар, өлең десе сайрап тұратын халық болған. Қазақ халқының билері, ақындары, хандары көбінесе замана шындығын, ақылмандық, адамдық, халық арасындағы алауыздық және әділетсіздік туралы ой-толғауларын, ішіндегі жан сырларын қағаз бетіне түсіріп жазған. Қазақ билері хандардың әділетсіздігі мен сол замандағы қиындығын, ішкі жан айқайларын, көркем сөзбен және мағыналы тіркестермен жазып отырған. Сол билердің бірі: Майқы би мен Мөңке би. Бұл билердің толғаулары замана шындығына арналған. Бүгінде сол билердің толғаулары бізге жетіп отыр.

Толғаулары терең мағынада жазылған. Майқы би ол заманда халықтың көзін ашып, ішкі алауыздықты жоюдың жолын жазып, әділетсіздікті атап көрсеткен.

Қай заманда болмасын әділдікті қолдаған бидің бірі - Мөңке би. Мөңке би толғаулары адамзат тарихындағы аса зор ақылманның ащы шындығының арнасы. Қилы заман тақырыбында халқына жол көрсеткен. Адамзатты адастырған мәселені көтергендердің бірі де осы билер. "Ақылмандық - адамзаттың арқауы" - деп бекер айтпаған. Замана шындығын жазу әр адамның қолынан келе бермейтін, шеберлік жолы.

Қай заманда болмасын қолына қағаз, қаламын тастамай, халық шындығын қағазға түсіру де ерлік. Сол еңбегін айтып, халық мәселесін көтерген Бұл билер, біздің мәңгі есімізде. "Тілім бидің қолында" - деп айтылатындай билер қазақ тарихында көп болған.

Парақтың арткы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
қаз-09-16

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника
Парақ / Страница №

Дарқандықты қазаққа дала берген секілді.

Дарқандық - текті халық, қонақжай халық, еркін халық деп есептеймін. Қазақ халқы қонақжай халық салт-дәстүрлері өте көп. Қонақтарға жақсы сый құрмет көрсетеді. сыпайы халық.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері - бесік той, (нәрестені баланы) қырқынан шығару, және т.б. Бесік той дегеніміз жаңа туылған сәбиге бесік, киім-кешек алып апарады. ал енді қырқынан шығару - нәрестені 40-ық күн өткен соң шашын алып жуындырады яғни суға тиындар салып балаға тілектер айтып суға түсіреді.

Халқымыз еркін халық тәуелсіз халықпыз және тәуелсіздігіміз оңай келген жоқ. Көп азаттық халықтық көтерілістер болды осы біздің еліміз тәуелсіз болсын деп бүкіл азамат пен азаматшылар көтеріліске шықты. "Отан оттан да ыстық" демекші Отаным мен үшін әр қашанда ыстық болады. Әр елге жұртқа өз елі ыстық болады деп ойлаймын. Өзіміздің тарихымызды байлық тарымызды бағалай білу қажет деп ойлаймын.

Қортындылай келе, дарқандық қазаққа дала берген секілді дегенде өте дұрыс айтқан. Қазақтың жүрген жолы қазаққа оңай келген жоқ. Біз өз жерімізді елімізді қорғай білуміз қажет. Тарихымызды мәдениетімізді құрметтей білуміз қажет.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором ҚАЗ-09-15

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

1. „Мәңгілік бала бейнесі"

Бұл әңгімеде Әйлә деген қыздың өмірі туралы айтылады. Бұл қыздың өмірі өте қиын болды деп ойлаймын, бәлкім тағдыр солай жазған шығар. Осы „Мәңгілік бала бейнесінің" басты кейіпкері осы қыз және бұл әңгіме ерте тарап, бәріне ұнаған болатын. Басқасын білмеймін бірақ өзіме қатты әсер етті. Енді шамалы, қысқаша үзіндіні айтамын.

Әйлә - деген қыз өгей мамасының қолында тұрды және ол қыз ерекше болатын. Неге десеңіз ол қыздың қолы ұзындау болды. Осы Әйлә қыз үнемі көңілсіз жүретін, бірақ түнде айға қарап өз сырымен бөлісетін. Не болып жатқанын, күнде не қызық болды, соның бәрін айтып беретін, жалпы айтқанда досы болатын. Сол кезде өгей мамасы шақырып қалады, бірақ Әйлә қарсызып бермей қойды. Сол кезде өгей мамасының үйіне қонақтар (келеді, сол) келген екен. Әйлә сол кезде келіп, сырттан әңгімелерін тыңдап оның көңіл күйі түсіп кетті. Сосын Әйлә өгей мамасын қорқытып жіберді, ол өгей мамасы ұрсып (берді) берген болатын және сол кезде мүгедек бала анасымен келді. Мүгедек бала Әйләні ұнатып қалды, сосын оған өз сезімін білдірген болатын. Бірақ Әйлә қарсызып қарамай қойды...

Міне осы жер маған қатты ұнаған болатын, сол себепті айтып өттім.

(Әйлә - ақылды, көңілді қыз).

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором қаз-09-14

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Ж.Баласағұнның тіл өнерінің пайда зиянын
Тіл өнерінің пайдасы - тіл өнерінің барысында тілімізді мәдениетті қылып сақтауымыз керек, тілімізді еркін ұстау, мәдениетті қылып сөйлеу, сыпайы сөйлеу, тілімізді ұстану, ана тілімізді білу мәдениетін сақтау.
Біз тіліміз қазақ тілі - ол біздің мемлекеттік тіліміз, ал ~~он~~ зияны - тіліміздің мәдениетін ұстамау (бұзау) жаман сөз айту ол тілімізге ~~го~~ зиян келтіреді.
Тіліміздің мәдениеттілігі - тілімізді ұлықты, сыпайы сөйлеуіміз қажет, тілімізді мәдениетті қылып сөйлеуіміз қажет, өзіміздің тілімізді білу, қазақ тілімізді басқа елдермен салыстырмау, қазақ тілін білмеген адам - рухани болып кетеді. Біз өзіміздің қазақ тілімізді сыйлаймыз, құрметтейміз, бағалаймыз.
Ана тілімізді білу, бағалаймыз, ал біздің мемлекеттік тіліміз қазақ тіліміз, рухани адам деп отырғанымыз қазақ тілін білмеген адам деп ойлаймын. Ал біздің мәдениеттілігіміз ешкім кір және зиян келтірмейді. Ал зияны тіліміздің дамытпауы ол біздің артымыздан кір келтіреді. Басқа елдермен және өзгелерден салыстырмау.
Негізі Абайды білмеген адам қазақ емес дейтін.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором каз-09-13

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника
Парақ / Страница №

Дарқандығын қазаққа дала берген секілді.

Иә, мен бұл сөзбен келісемін. Өйткені қазақтың жері кең топырағы құнарлы, және Швейцариядан кем емес, керемет жерлері көп. Қазақ халқы тегі, қонақжайлы халықтардың бірі. Біздің ел салт-дәстүрді берік ұстаған, тарихы терең, болашақ биігіне. Тарихы терең өйткені, біз үшін аянбай тер төккен, халық үшін ата-бабамыз өз өмірлеріне балта шапқан Ал салт-дәстүр қазақ елінде көптеген дәстүрлер бар. Олар: тұсаукесер, сүндет той, қыз ұзату және т.б.

Мен өз жерімді, өз даламды Жуалыны сипаттасам. Жуалының шөбі шүйгін топырағы құнарлы, табиғаты керемет. Біздің Жуалыда Қызылсай, ел үшін аянбай тер төккен Бауыржан Момышұлы туып өскен. Жер жаннаты Жуалы деп бекер айтпаған. Қазақстан-Қазақстанды сөзбен жеткізу мүмкін емес. Қазіргі Қазақстан жаңа әлемдегі, жаңа Қазақстан. Қазақ халқы көптеген қиындықтарды бастан кешірген. Оның бірі тәуелсіздік. Иә, біз қазір бейбітшілік өмірде өмір сүріп жатырмыз. Көк туымыз көк аспанмен бірге жарқырап тұр. Бірақ тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ, қанша жастар сол болашақтары жарқын болсын, елімізді тәуелсіз болсын бейбіт өмірде еркін өмір сүрсін деп өз өмірлерін құрбан еткен адамдар.

Қорытындылай келе қазақ даласы қонақжайлы, төрт мезгіл-де өзінің ерекшелігімен келіп кетеді. Қазақстан мен үшін ең керемет елдердің бірі. Біздің ел қазақтың қазақ қорғаған елдердің бірі.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

қаз-09-12

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Эссе

1. "Мәңгілік бала бейне" әңгімесінде көтерілген басты мәселелер және оның шешудің жолдары.

Мәңгілік бала бейне - Семей қаласындағы ең трагедиялық тарихтағы кезең. Баланың жүрегіне кеткесеней із қалдырған ауыр, күйзеліс жағдай. Бұл әңгіме оқыған әрбір адамның жүрегіне оңтай емес, қанжаланады. Әйеленің жауапсыздығы, мәңгі бала кейпінде қалғандығы, жағдайына қарамастан көнік, денсаулығының мүмкін білсе де, өмірге деген құштарлығын жоғалтпағандығы көңілге қаяу түсіреді. Ия бұндай осындай мүшкіл жағдайға түскен, әлі әлемдің қызығын көрмеген қаншама "мәңгілік бала бейнесінде" қалған кінәсіз сәбилер, балалар мен жасөспірімдер бар?

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСР-дің саяси-экономикалық жағдайы өте нашар болды. Ашаршылықтан қал-ған, ішерге су, киерге киім таппаған қазақ халқы Сталин-нің саясатына, жеке басқа табынушылыққа бас иіп мәжбүр болған. У. Черчилльдің және американдық саясат басшыларының мәлімдемесі "Тоқырау кезеңінің" басталуына себеп-ші болған деп айтсақ қате емес. Себебі, АҚШ елі 1945 жы-лы алтыншы және тоғызыншы тамыз аралығында Жапон еліне ядролық бомба лақтырғандықтан, дүниежүзі экономикасы құлдырай бастаған. "Тоқырау кезеңінің" соңы қайтадан соғыс-тың ашылмауы деп ойлаған КСР-басшысы Сталин Семей яғни сол кездегі Семипалатинск қаласынан екі жүз шақырым жерден ядролық бомба жарылатын база ашқан болатын.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором | каз-09-12

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника | Парақ / Страница №

ал 1949 жылдарда 508-ге жуық ядролық жарылыс және жердегі полигонында эксперимент барысында ядролық аса қауіпті бомба жарылған, жер сілкіндірді.

Басты мәселеге тоқталатын болсақ: бұл қазақ елінің экономикасына және демографиясының экожүйесіне елеулі проблемалар туғызған. Тіпті екі мың жыл өтсе де Семейдің суы мен ауасы әлі қауіпті деңгейін тұр. Бұл шешілмеген мәселелердің бірі болып табылады.

Шешу жолдары: ең басты шешілу керек нәрсе бұл ядролық процесті жоғары тоқтатып, өзен-көлдерді тазарту, себебі аса проблемалардың кесірінен әлі күнге дейін денсаулығында ақауы бар сәбилер дүниеге келуде. "Таза экология" немесе "Семей полигон шешімдері" атты акция немесе бағдарлама ұйымдастыру, шараларын қолдану, ел мен халық тарапынан жасалатын әрі дұрыс шешім.

Қорытындылай келе, "Тарих тереңінен, болашақ биігіне!" дегенімді өткеннің зардабымен өмір сүргенше, болашақ ұрпақтың жағдайын ойлай отырып, акция бағдарлама шараларын құрып, елімізді жаңарту әрі керемет шешім. Білектің күшімен, халықтың бірлігімен біз биік белестерге жетіп, Қазақстан деген байтақ дүниемізді: дамыта аламыз, себебі елімізді қорғау және сақтау әр азамат пен азаматшаның парызы!

Парақтың арткы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
каз-09-11

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника
Парақ / Страница №

1. "Мәңгілік бала бейне" әңгімесіндегі көтерілген басты мәселелер және оны шешудің жолдары.

"Мәңгілік бала бейне" әңгімесі заман талабына сай жазылған, жалпы салтты қанағат пен шүкіршілікке, адамгершілік пен кешірімділікке баулитын жазылған. Бұл әңгіменің әлі қазіргі уақытқа дейін бірнеше нұсқасы жарық көрген. Әр нұсқада әртүрлі сөздер қолданылса да, мағынасы бір деңгейде. Бұл әңгімеде барша дерті адамды қасиеттер қалдырып, әр қиындыққа төзе біліп, сынақты оңай қабылдауға үйретеді.

Әңгіменің өзіне келетін болсақ, яғни басты мәселе — Семей полигонындағы атом жарылысы жерінен зардап шеккен, сол уақыттағы қиын кезеңнің құрбаны — Лайла есімді қыздың ауыр тағдыры. Ол жарылыстың салдарынан зардап шеккен Лайла ауыр дертке шалдығып, дене құрылысы мүлде дамымай, өспей бала бейнесінде мәңгі қалып қойған. Әңгіменің "Мәңгілік бала бейне" деп аталуы да осыдан шыққан. Атом жарылысының ультра-күлгін сәулесінің салдарынан зардап шеккен жалғыз Лайла емес, сол уақыттағы көптеген бала құрбан болды. Балалар ауырып, көптеген ата-ана баласыз қалды.

Бұл әңгімеде, менің ойымша, автордың біздің яғни жалпы салтқа жеткізгісі келгені; әр сынақты шыдамды түрде қабылдап, әр қиындықтың артында мейірімді түрде жақсылық болатыны, түннен соң күн шығатыны, барлық адамның дәрежелері тең екендігі. Иә, Лайланың басқа адамдар сияқты еркін жүріп-тұруына, басқалармен бір деңгейде жүруіне мүмкіндігі болмады. Біз нақты бі-

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ... РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ...

Сканировано с CamScanner

мейміз, Ақжол осы жарыстың құрбаны болмағанда, қатарының алды болып, дарынды адамдардың бірі болар ма еді? Оның денесі, сырт келбеті есейе қалғанымен, ақыл-ойы даму үстінде болды. Ақжол бұл ауруын өзі тілеп алған жоқ. Сол себепті, мүмкіндігі шектеулі адамдарды кемсітіп, қадір-қасиетін түсіріп, басқалардан төмен көрудің қажеті жоқ. Барлық адам тең және тең құқылы. "Мен-мықты, сен-әлсіз"-деудің қажеті жоқ. Адам тең адамға.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Мәңгілік бала бейне

Қазақ әдебиетінде өте қызықты, қуанышты, қайғылы да шығармалар аз емес. Қазақ әдебиеті ұлы ақындармен ұлы шығармаларға бай. Ұлы ақындардың артында қалған ұлы шығармалары, өскелең ұрпаққа мұра болып қалады. Сондай ақ, қазақ әдебиетіндегі әрбір шығарма, өз заманының жағдайын, қоғам саясатын суреттейді. Сондай ұлы шығармалардың бірі "Мәңгілік бала бейне" әңгімесі.

"Мәңгілік бала бейне" әңгімесі оқыған адамға ой түйдіріп, жүрегінің кішкене болса да бөлігін кібітін, жылататыны айдан анық. Себебі сол замандағы Семей ядролық бомбаның жарылысынан бет-бейнесі, дене мүшелері өзгеріске түскен қыздың аянышты тағдыры баяндалады. Семей ядролық жарылысы сол өңірде үлкен зиянын алып келді. Сол өңірде туылған тірі жанның бойында бір кемшілік немесе дене мүшелерінің артық шығуы және дене мүшелерінің дамымай, бір орында қалып кетуі жиі болды. "Мәңгілік бала бейне" әңгімесіне келсем, Ол шығарма маған қатты ұнады. Егер мен ол шығарманы оқымасам Семейдегі ядролық жарылысты білмейтін едім. Менің ойымша әрбір өскелең ұрпақ осы шығарманы оқыса деймін. Бұл шығарманы бір рет оқығаныңыз ана жадыңызда мәңгі сақталады.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором | қаз-09-10

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Қорытындылай келе, "Мәңгілік бала бейне" шығармасы өз заманының қиыншылығы мен ауыл тағдырларын баяндай алды. Бұл шығарманы кез келген адамға оқуға болады. Шығармада сипатталған оқиға ертеңгі күнге тарих болып қалады.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором қаз-09-09

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Дарқандақты қазаққа дала берген секілді, дарқандақ қазаққа берілген үлкен сыйдың бірі. Дарқандақ дегеніміз- еркіндік, кең далада өмір сүру деп білемін. Дарқандақ қазақтардың тектілігін, қонақжайлылығын, еркіндігін көрсетеді. Дала тек қана дарқандақта ғана емес, өмір сүруді, тектілікті, саналы ұрпақ болып өсуді үйретеді.

Қазақ халқы дарқан далада өмір сүргендіктен, текті, саналы ұлттардың бірі. Қазақтар бұрыннан кішіпейіл, кеңпейіл, сапалы, текті, қонақжай халықтардың бірі. Қазақтар бұл қасиеттерді қатты дәріптейді. Дарқандақ қазақтарға көп нәрсе үйретіп, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге көмектеседі.

Дарқан елде өмір сүрген қазақ халқының ойлауы, өмір сүруі, өмірлік устанамы басқаша болады. Бірақ, қазіргі кезде еркін елде өмір сүрсек те қонақжайлылық, сыпайылық, бір-біріне деген құрметтілік ұмытылуда. Яғни, қазіргі кезде көп адамдар бұл қасиеттерді аса қатты ескермейді. Бұл іс-әрекеттер қазақ халқының қаншама жылдық тарихына, әдеттерінің жойылып, ұмытылуына әкеледі. Еркін елде өсіп келе жатқан ұрпақтардың саналы, текті болуы өз қолымызда. Дарқан елде өскен ата-бабаларымыздың қалдырған әдеттеріне құрмет көрсетіп, жақсы қасиеттерін бойымызға дәріптеп, ұмытпауымыз қажет.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором Қаз-09-08

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Дарқандықты қазаққа дала берген секілді...

Қазақ даласы - кең байтақ, аңқыған жасыл шөптің ішіне бай дала. Бұл дала жем табиғатымен, таза ауасымен, кең байтақ жерімен көздің жауын алады. Осы дарқан далада туып жатқан қазақ халқынан асқан бай, бақытты адам жоқ шығар.

Дарқандықты қазаққа дала берген секілді... Бұл сөзбен айтқым келетіні; қазақтар дарқандықты дала кереметімен алғандай. Олар досының біреуі жараспаған, қонақ келсе төрден орын беріп, ығыспайтын дала жаны. Біздің елге келген кез-келген турист қазақтың дарқан даласын көргенде, айтарға сөз таппай қалады. Қазақ даласы мөлдір бұлағымен, биік тауларымен, жусан иіс аңқыған жазық даласымен көзге түседі.

Қорытындылай келе, ата-бабамыз бұл жерге қол жеткізу үшін ақтық демі қалғанша, аянбай күресті. Сондықтан да бұл қазақтың дарқан жерін, даласын қорғау, сақтап қалу және аялау біздің үлкен парызымыз.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
каз-09-07

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Дарқандықты қазаққа дала берген секілді.

Дарқандық дегеніміз еліміздің еркін, тәуелсіз болуы. Яғни, дарқандықты қазаққа әрине дала берген секілді болады. Себебі, осы еркіндік кезінде, ата-бабамыздың кезінен далада көшіп-қонып, жер ұрпаққа осы даламызда, елімізді аман ұстау рөліне қорғаған. Ол кездерде, ата-бабамыздың кезінде тәуелсіз ел болмаған. Тіпті өз даласында еркін өмір сүре алмаған. Өздері қиындыққа тура алмаған. Дарқандық дегеніміз тек қана тәуелсіз, еркін өмір сүруімізбен шектеліп қалмай, қазақ елінің ұлағатты тегі ел екенінде жатады.

Қазақ елінің адамдары барынша бауырмал, яғни енді ғана ұлағатты бауырлары, киіз үйде тұрғанның өзінде, бір-біріне [illegible] ұлағат беріп, өз қонақжайлылығымызды көрсетіп, күтіп алатын болған. Ол кездері далада көшіп-қонып жүрсе де, бір-бірін сыйлап, сыйластық танытып, сол кездегі қиын жағдайларға бірлесіп төтеп берген. Бірлесіп көтерген жүк жеңіл дегендей, сол далада жүріп осы тәуелсіз елімізді [illegible] дала және жастар алып берген. Сол кездері міне осы қазақ елінің кең байтақ еліне ерлеріміз өз [illegible] кең байтақ елімізді тартып алу үшін жанталасқан шайқаста қан төгілген.

1986 жылы 16 желтоқсан 1 курс студенттері сол „дарқандық азаттық үшін күрескен. Тіпті, ол кездері еліміз дарқан болмағаны үшін, сол кездегі ұлт-зиялылары шындықты айтқандары үшінде атылу жазасына кесілген. Яғни, дарқандықты қазаққа дала бергенін көреміз. Бірақ, сол кездегі жастардың қазақ ұлттары [illegible] Жеңіс [illegible] жерінің [illegible] қазақ жастары [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] елімізді азат, тәуелсіз қылды. Сол кезден бері 16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» атап өтеміз.

Ал қазіргі еліміздің алғашқы президенті Н.Ә. Назарбаев осы [illegible] арқасында еліміз дамып келеді [illegible]

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором КАЗ-09-07

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника | Парақ / Страница №

әлі күнге дейін, осы күнде өмір сүрудеңіз.

Жарқыраушыңыз кеше осы [illegible] [illegible] ұзақ берен сенімді досы қосылмаса. Әрі қарай, еліміз дамып, ұзақ өмір сүруіңіз өміріңіздің жаңа тарауы [illegible]. Ата-бабаңыз біз үшін елімізге қандарын төкіп, біз татулықта бәрін ары қарай дамытуымыз керек.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором қаз-09-06

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Дарқандықты қазаққа дана берген секілді.

Қазақ ұлты қыста қыстауға, жазда жайлауға көшіп қонған. Еркіндікті сүйген, текті халық әрқашан есігі ашық, еті асулы тұрған. Бұл дегеніміз қазақ халқының қонақ-жайлылықты қатты ұстанғанын айқын көрсетеді. Үйіне қонақты төріне отырғыза, қымыз, сорпасын беріп, артынша ұлттық тағам яғни, бесбармақты дастарханға жайып, қонақ қылған. Себебі, келген қонақ құт береке әкеледі деп сенген. Ол кезде қонақты ауылдағы, кәрі-құртаң шақырып қонақ жайлылықты көрсеткен.

Қазақ ұлтында үлкен және кішілері келген қонақты жақсы лебізбен қарсы алып, үйге кіргізген. Бұл кішіпейілділікпен тәрбиенің дұрыс екенін көрсеткен. Ал ер баланы бірінші амандасып, содан соң қолына құман мен су құйған. Қонақтың не шаруамен келгенін сұрап, танысып отырған.

Кең далада халық ел-қасиетті ашық сүйді. Бір-бірінің қуанышына ортақтасып, дәстүр мен ұлттық на-қышта берік ұстанды. Кейбір ашық сүйген халық, еншіңді ұрттың ниеті кең қылмайды. Сондықтан қазақ халқы қонақжайлылықты лайықты деп бекер айтпаған.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Дарқандықты қазаққа дала берген сияқты.

Қазақ даласы өте бай, кең, табиғаты ерекше. Табиғаты өте бай. Дарқандықты қазаққа дала берген сияқты. Себебі біздің қазақ жеріне көптеген мемлекеттер жаулап алуға үшін көптеген шайқастар жасады. Қазақ даласы ауасы таза, әр мезгілде әр түрлі табиғатты көрсетеді. Сол шайқастарға осы біздің қазақ елінің батырлары көптеген шайқастарға төтеп берді.

Менің ойымша, осы батырлардың арқасында біз осы күнді кешіп жүрміз. Себебі сол батырлардың арқасында осы Қазақстан табиғаты ерекше, сол батырлар осы біз үшін күреспесе ол қазір біз осындай күнді кешпес едік. Міне, сол батырлар біз үшін, жас ұрпақ үшін күресіп бізге қазақ жерін қалдырды. Міне, 16-желтоқсан күні біз егемендік алдық, сол үшін осы жас ұрпаққа қазақ жері қалсын деп жастайлар алаңға шығып күресті. Сол батырлар сияқты қазіргі таңда батырлар, қазақ жерін қорғайтын жас ұрпақ жоқ десемде болады.

Мен қазір қазақ балаларына таң қаламын. Себебі қазір ұялы телефон балалардың миын жаулап жатыр. Сол себепті, ата-аналар үйде балаларға тәрбиелік мәні бар нәрселерді, ол қазір осындай ел қалыптан, басқа мемлекеттерден қысым көрмей, ел қиналмай жүрулерінің себебін білсе деймін. Сол батырлардың күнделікті оқып білсе деймін. Сол батырлардың ұмытпасаң деймін. Дарқан даланы біз үшін қалдырды. Сол себепті, қазақ жерін аялап, қастерлеп, сол батырлардың іс-әрекеттерін, біз үшін қалдырғанын ұмытпайық. Жас ұрпақ елдің болашағы!

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: каз-09-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника — Парақ / Страница №

"Дарқандықты қазаққа дала берген секілді"

Дарқандықты қазаққа дала берген секілді. Жалпы дарқандық дегеніміз не? Дарқандық дегеніміз- тектілік, тәртіптік, қонақжайлылық және т.б. Мен бұл қасиеттерді қазақ халқына тән десем қате айтпаспын. Себебі қазақ халқының ежелден келе жатқан тәртібі, тұрмыс-тіршілігі ұрпақтан-ұрпаққа өнеге, тәлім-тәрбие болып келе жатыр.

Мен "дала берген секілді" деген тұжырыммен келіспеймін. Себебі қазақ халқына дарқандық қасиеттері сырттан емес, өз маңырағымыздан, ата-бабаларымыздан келді. Біз тәлім-тәрбиені сырттан емес өз отбасымыздан аламыз.. Қазақ халқы ежелден келе жатқан өз тәртіптерін, дәстүрлерін өздері ойлап тапқан, және оны ұрпақтан-ұрпаққа үлгі қылып көрсетіп келеді. Қазақ халқы әрқашан қонақжай, кез-келген адамды ізгі-ниетпен қарсы алады. Қаншама туристтер қазақ халқына келіп, қазақ халқының дәстүріне, тұрмыс-тіршілігіне, әдептілігіне, тәртібіне қызығып, қонақ болып кеткен.

Жалпы қазақ елі әрқашан әділ, тәртіпті, қонақжай ел болып қала береді. Және осы қасиеттерімен де барша елге танымал. Қазақ елі- нағыз дарқан ел!

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором каз-09-03

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

"Мәңгілік бала бейне"

"Мәңгілік бала бейне" әңгімесі қазіргі замандағы тұрақты мәселеге айналған әңгіме десек болады. Яғни бұл әңгіме Семей полигоны, атом жарылысының жалғасқан уақытындағы жазылған шығарма. Ләйлә есімді қыз осы кезеңде дүниеге келген. Атом жарылысының уытты күлгін сәулесінің кесірінен барлығы дерлік емес, көптеген ата-ананың баласы сау туылмаған, ауруға шалдыққан бүлдіршіндерде, адамдарда көп болды. Атом жарылысын атамыздан алған қыз, кейіншектерде болды. Яғни ауру бала дүниеге келмейтіне, ол бәле сау туылмады деген үрей, қорқынышы болған. Бұл әңгіменің басты мәселесі осы апатқа ұшырағандардың өмірі туралы. Автордың айта осы сияқты қайғылы білген, тезге біткен ата-аналарға сондай аурумен ауыратын адамдарға негізделген.

Ләйлә есімді қыздың қиналғаны, тағдыры туралы жазылған. Сана-сезімі дамымағандықтан мәңгілік бала бейнесінде қалған. Шешу жолдарына келетін болсақ, ауру бар, зардап шеккен адамдармен көп жұмыс жасау, олардың сана-сезімін дамыта, байыта білу. Көмек қолын барынша созу. Атом жарылысы болған жерлерді барынша жауып, адам аяғы баспайтындай ету, арнайы жұмыс жасайтын орталықтарды көптеп ашу.

Қорытындылай келе бұл әңгіме Ләйлә есімді қыздың қиын тағдыры туралы. Ол есейсе де санасы сол бала қалпында қалды. Менің айтарым ауруларда да, саулар да тең көру. Оларды бөліп жармау, сен аурусың деп кемітпеу, себебі бәрі бірдей адам, барлығын Құдай жаратты. Маңдайына жазылған тағдыр байланысты айтар ойы; ешкім өз тағдырын жасай алмайды.

Парақтың арткы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором қаз-09-02

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

Дарқандықты қазаққа дала берген секілді...

Дарқандық қазақ халқына тән қасиеттердің бірі. Қазақ халқы кең жайлауда, далада өскен көшпелі халық. Дарқандық дегеніміз не? Дарқандық дегеніміз қазақ халқындағы, адам бойындағы жақсы қасиеттердің, ізгілік, мейірімділік қасиеттерінің болуы. Адам бойындағы жайлылық қасиет біздің қазақ жеріміз, даламыз қазақтың қазақтығын, рухын іске салатын жер. Себебі, қазақтардың бойындағы ұлылық барлық тұлғаның бойында бар және болуы керек. Дарқандылық қазақ халқының қанына сіңген қасиет. Қазақ халқы бұрыннан кеңпейілді, қонақжай, ашық-жарқын халық болған. Менің ойымша, дарқандық мінез қазір жоғалып бара жатыр. Себебі қазіргі таңда көптеген адамдар қонақ күтуді жайған немесе қонаққа баруды қайған. Адамдардың барлығы өз басының пайдасын ойлайтын болған. Адамдардың көп бөлігі қонақ күту бұл „артық шығын" деп ойлайды. Бірақ барлық адамдар бірдей емес. Дарқандылық мінез кейбір адамдарда әлі де қалыптасып келе жатыр. Мүмкін оның себебі өткенің көзін көрген қазынамыз қарттарымыздан болар. Қазақтың бойында болу керек қасиеттерді қарттардың бойынан көре аламыз. Сол себепті олар бүгінгі күнге дейін бізге өнеге болып келеді. Бірақ ең басты қасиетімізді – дарқандық қасиетімізді ұмытпайық. Қазақ халқы – дарқан халық.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Дарқандықты қазаққа берген секілді

Дарқандық дегеніміз - тектілік, қонақ жайлық, ашық мінез. Сол себепті біздің ата-бабаларымыз бұрыннан қонақ жайлы, сыйлы кісілер болған. Оларға дарқандықты дала берген деген ойға келісемін. Себебі, біз ерте заманнан бері көші-қон болдық, олар алыс жолдан жүріп, қыстақтың жайлауға дейінгі өте ұзақ жол жүреді, сол жолда көптеген қиындықты бастарынан өткереді. Егер шаршап әлсіреген жолдан да, олар киіз үйге тұрақтылып, сол жерде оларға бір үзім нан мен су берген, сол әдетті ұстанып келе жатқан көптеген отбасы бар. Осы ізгі іс арқылы қазіргі қазақ мемлекеті көпұлтты мемлекетке айналды, осының бәрі тектілік пен қонақжайлықтың арқасында.

Қазақта көптеген мақалдар бар, соның бірі: „Еркек үйде жатып ез болғанша, дала кезіп "мез" болсын деген. Біздің ата кәсіп ол мал шаруашылығы, мал шаруашылығы көкжиілікте өзінің малдарын қарап кең далаға таңсанып отыру, оның өзі кей адамдар үшін өте үлкен бақыт. Осы кең дала қазақ үшін жігі адам болашына да дарқандықты береді.

Дарқандықты қорытындылай келсек көп адамға негізінен дарқандықты бере алмайды. Дарқандықты болу үшін адал ниет, адамгершілік, шыншылдық және көркем мінез болуы қажет. Егер сенің бойыңда осы ұғымдар болса сен ел үшінде



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
Қаз-09-02

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница №

сыйлы адам бола алмасы. Сіздер үшінде осындай дарындылықты тілеймін! Ол бірақ көп адамның қолынан келе бермейді. Кез-келген адамдан жақсы арылу үшін [illegible] қажет болады.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сканировано с CamScanner